

А. Дәлелбекқызы*¹ , Н. Йылдыз² 

¹Қазақстан Жазушылар одағы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

²Гази университеті, Түркия, Анкара қ.

*e-mail: dalakma@mail.ru

ҰЛТТЫҚ КОДТЫҢ ТАРИХИ САНАҒА ӘСЕРІ

Мақалада әдебиеттің даму тарихындағы көркемдік ойлау жүйесінің жаңа түрін қалыптастыру сөз болады. Бұған жалпы, классикалық бастаудан бөлек әр ұлт әдебиетінің ішкі потенциалы ықпалын тигізді. Көркемдік ойлау адам баласының танымдық қабылдауын, фантазиясын кеңейтті. Қай халықта болсын сөз өнерінің табиғаты тым тереңде. Адам баласы жалпы тіл, сөз өнерінің ерекше қасиетін ерте аңдап, оның мән-мағынасын дәуір жылжыған сайын тереңдетіп отырған. Тіпті сөздің күші халықтың тұрмыс-салтының, діни сенімінің де көрінісіне айналды. Өздерінің тұрмыс-тіршілігіндегі дәстүрді, ұлттық-этнографиялық ерекшеліктерді сөз арқылы бейнелеп, оның белгі, ишара, таңба түріндегі сан қырлы ерекшелігін толықтырып отырған. Сөздің магиялық сипатын ерекше дәріптеп, өздерінің тұрмысында орныққан дәстүр, ырым-жоралғы, салттың көрінісін әртүрлі сөз формалары арқылы жеткізген. Бұл халқымыздың фольклорлық жанрларында бастау алды. Осы ерекшеліктер жинақтала келе, ғасырлар кеңістігінде орнығып, бүгінге дейін жетті. Халық өзінің таным дүниесіндегі, жадындағы түсініктерді, көне бейнелерді үнемі жаңғыртып, оған оралып отырды. Бұл әрі қарай ұлттың қалыптасуын, оның тарихын, әлеуметтік-саяси жағдайын, мәдени құбылыстарды айғақтайтын тұрақтылыққа ойысты. Сөйтіп, халық болмысында бекіген ұлттық код пайда болды. Оның мән-маңызы ұлттық санадағы құбылыстардың қасиетін саралап, оның өткендегі және болашақтағы рөлін бағамдау, сол арқылы ұлт келбетінің бірегей болмысын таныту.

Түйін сөздер: ұлт, тарих, сана, метафизика, код, тұлға.

A. Dalelbekkyzy^{1*}, N. Yıldız²

¹Writers Union of Kazakhstan, Kazakhstan, Nur-Sultan

²Gazi University, Turkey, Ankara

*e-mail: dalakma@mail.ru

The influence of the national code on historical consciousness

The article provides long history of literature development has formed a new form of artistic thinking system. In general, in addition to the classical origins, it was influenced by the internal potential of the literature of each nation. Artistic thinking has expanded the cognitive perception and imagination of a person. In any nation, the nature of the art of speech is too deep. Mankind has long been aware of the peculiarities of the language and the art of speech, and its meaning has deepened with the passage of time. Even the power of the word has become a reflection of the way of life of the people, their religious beliefs. The word reflects traditions, national and ethnographic features of their everyday life, complements its multifaceted features in the form of signs, gestures, symbols. They especially glorified the magical character of the word, conveyed the manifestation of traditions, rituals, and customs that were established in their lives through various forms of speech. It began in the folklore genres of our people. These features have accumulated over the centuries and have survived to the present day. The people constantly revived and returned to the world of their knowledge, memories, and ancient images. This is further reflected in the stability that testifies the formation of the nation, its history, socio-political situation, and cultural phenomena. Thus, the national code was formed, which was fixed in the national identity. Its significance is to analyze the properties of phenomena in the national consciousness, assess their role in the past and future, thereby revealing the unique identity of the nation.

Key words: nation, history, consciousness, metaphysics, code, person.

А. Далелбекқызы^{1*}, Н. Ыылдыз²

¹Союз Писателей Казахстана, Казахстан, г. Нур-Султан

²Университет Гази, Турция, г. Анкара

*e-mail: dalakma@mail.ru

Влияние национального кода на историческое сознание

В статье рассматривается история развития литературы, сформировавшей новый тип системы художественного мышления. Помимо классического начала, в целом этому способствовал внутренний потенциал литературы каждой нации. Художественное мышление расширило познавательное восприятие, фантазию человека. В любом народе природа искусства слова слишком глубока. Человек с ранних пор осознал особые свойства искусства слова и с каждой эпохой углублял его суть и значение. Даже сила слова стала отражением быта, религиозных убеждений народа. В их быту традиции, национально-этнографические особенности отражались словом, дополняя его многогранность в виде знака, жеста, символа. Они особенно прославляли магический характер слова, передавали устоявшиеся в их быту традиции, обряды через различные формы слова. Оно берет свое начало в фольклорных жанрах нашего народа. Эти черты, накапливаясь, закрепились на просторах веков и дошли до наших дней. Народ постоянно воспроизводит и возвращается к своим знаниям, воспоминаниям, древним образам. Это свидетельствует о дальнейшем становлении нации, ее истории, социально-политическом положении, культурных явлениях. Так появился национальный код, закрепившийся в народном бытии. Его значение заключается в том, чтобы дифференцировать свойства явлений национального сознания, оценивать их роль в прошлом и будущем, тем самым отражая уникальность облика нации.

Ключевые слова: нация, история, сознание, метафизика, код, личность.

Кіріспе

Тәуелсіздік кезеңі ұлт ерекшелігін айқындай түсіп, әр халықтың әлеуметтік-саяси жағдайындағы өзгеріс оның рухани болмысына, болашақтағы мақсат-мұратына ерекше ықпалын тигізді. Осы уақытқа дейін ұлттық болмыстың тұрақтануына, тіпті толыққанды ұлт тұрпатын иеленуге кедергі жасап келген империялық үстемдік адам санасын бұғаулап тастағаны мәлім. Бұл жағдайда ұлттық сананың орнығып, өзіндік дербес келбетін таныта алуы екіталай. «Тарихи сананы қалыптастыру процесі еліміздің соңғы он жылдан астам тарихында пәрменді жүруде. Қоғамымызда Елбасынан бастап қатардағы азаматқа шейін ұлттық тарихымызға бетбұрыс жасады. Әрбір адам өзінің шыққан тегін, ата шежіресін білуге ұмтылды, әрбір азамат елінің өткен жолына үңіліп, сол арқылы бүгінгі көп сауалдарға жауап іздеді. Бұл жалпыұлттық мәдениет деңгейінің жоғарылығын танытқан ғажап құбылыс-тын. Өйткені болашағына үміт артқан халық қана өткенін білуге құштар. Халық өткеніне селқостық танытса, онда оның болашағынан үмітінің үзілгендігі» (Ежелгі Шығыс, 5). Ұлттың қалыптасуы оның тарихымен, әлеуметтік-саяси жағдайымен, мәдени құбылыстарымен тікелей байланысты. Тәуелсіздік ең алдымен осы көмескілене бастаған жәдігерлердің мән-маңызын тереңдетуімен құнды.

Зерттеу материалы және әдістері

Метафизика ұғымы ең алғаш Аристотель еңбектеріне тиесілі болды. Метафизика басқа ғылымдарға қарағанда мәні мәңгілік жойылмайтын ұғымдарды анықтайды. Әлем дегеніміз не? Құдай бар ма? Адам баласына тән сана, қайырымдылық қалай пайда болды? Адам неге жаратылады, неге о дүниелік болады? Яғни жаратылысқа тиісті сауалы мен жауабы қатар жүретін ұғымдарды осы метафизика анықтайды. Г.И.Спаскийдің «Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой орды» орыстың шығыстану әдебиетіндегі қазақ халқының тарихы мен этнографиясына қатысты алғашқы еңбектердің бірі болды әрі күні бүгінге дейін мәнін жойған жоқ. Орта Азия елдерінің тарихы жөнінде мәліметтер жинай жүріп, оның жүйеленген нұсқаларын «Сибирский вестник» пен «Азиатский вестник» журналдарына жариялады. Зерттеушінің қазақ халқының салт-дәстүрі, ғұрпы, шаруашылығы мен отбасылық тұрмысы жайлы өзі бақылаған жағдаяттарды шынайы сипаттаған очеркі қазақ халқының көшпелі тұрмысынан бай мағлұматтарды жинақтаған. Тарихшы хандар шежіресін тарату үстінде көптеген тарихи дәйектерге сүйенеді, салыстырады.

Зерттеуші Л.Н.Гумилевтің мұралары адамзат қоғамының тарихын терең зерттеп, мифтік болмыс түріндегі кезеңнен қазіргі ұлттардың

қарым-қатынасына дейінгі даму аралығын терең қозғаған. Бұл жөнінде ғалым М.Қозыбаев: «Гумилевтің концепциясы адамзаттың жаралуын эволюциялық емес, өзіндік ішкітүрлік, әр түрлі тайпалар мен нәсілдерді бір қазанда араластыру кезіндегі зерттеуі қандай да бір сызбаны жасап, осы бір вавилондық қозғалыстарды елестететін бүкіләлемдік тарих арқылы көрсетуді көздеген. Оның теориясын меңгеру бүгінгі күні де күрделі. Адамдардың қатыстылық теориясын ондағы уақыт категориясының қысқаруы мен кеңеюін, этногенез бен жер биосферасының өзара байланысу жұмбағын мардымсыз ғана түсіну дұрыс емес. Ғалым «этносфера» терминін енгізіп, адамзат пен табиғаттың дамуы арасындағы бөлінбейтін байланысты анықтайды. Отандық халықтанудағы бетбұрыс қадам – оның ұлттық біртұтастығы, халық қауымдастығы туралы тұжырымы болды (Гумилев, 128).

Адамзат өркениеті үнемі эволюциялық дамуды бастан кешірді. Соның ішінде ерекше белсенділік арқылы өзінің индивидтік болмысын көпшілік үшін, қоғам үшін жұмсап, барлық кемел білім-парасатын адамзат игілігіне арнаған жанқиярлық – пассионар болмыс та көрініс берді. Пассионарлық Л.Гумилевтің көрсетуінше белгілі бір дәуірде тұтас этносқа тән мінез-болмыстың тұрақталған жиынтығы. Ол адам болмысының ерекше феномендік құбылысы ретінде метафизикалық ерекшелікке парапар. Бұл әр дәуірде Аристотель, И.Кант, Рубинштейн, М.Бахтин, әл-Фараби, Баласағұн еңбектерінде көрініп, ұлттық концептілер жүйесі қарастырылды.

Әдебиеттерге шолу

Рухы берік, ұлтқа деген сүйіспеншілігі шексіз халықтар ғана биіктен көрініп, ұлы көштен қалмай, дамыған елдердің қатарынан табылып отырған. Сондықтан, ұлттық рух, ұлттық код, ұлттық сана ұғымына ерекше мән беріп, ортақ қасиеттерін, мазмұнын айқындап алуымыз керек. Қазіргі таңда жиі естіп жүрген ұлттық код туралы айтатын болсақ, «қазақтың ұлттық коды деп қазақ халқының жаратылысын, табиғатын, рухани бітімін, өмір салтын айқындайтын белгілерді айтқан жөн жығар. Яғни, тарихи тамыры тереңде жатқан, ұлтымыздың күні бүгінге дейін бәрінен жоғары бағаланатын қасиеттері, солардың сығымдалып тұжырымдалған формуласы қазақтың ұлттық болмысының сырын түсінуге апаратын, тиісінше қастерлеп сақтауға жататын құпия кілттің тап өзі боп шығуы ғажап

емес» (Қойшыбаев, 5). Қазақ халқының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу» дейді.

Ұлттық рух – ұлттық реалийлердің сапалы, бірегей жағдайының жинақталған нәтижесі. Ол жекелеген топтың, белгілі бір тұлғаның ғана жасайтын әрекеті емес. Ұлттық рух тұтас халықтың болмысына тән сипат болуы тиіс. Әдебиет халықпен бірге жасасып, дамып отырады. Ұлт болып қалыптасуының елеулі белгісі – көркем әдебиеті. Тарихи шығармалардағы елдік, ерлік ұлттық рухпен астасып жатады. Бұл асқақ сезім Отанды қорғау, халық үшін, оның ұлттық құндылықтары үшін күресу, ұлт тағдырына ара түсу деген сөз. Жалпыұлттық мұрат халықты тұтас қамтыған кезде ғана ұлттық рухтың ерекше құбылысына айналады. Халықтық рух – тарихи, қоғамдық, рухани құбылыс. Профессор Ө.Әбдиманұлы рухты көтеретін, құдіретті жырларымыз бастауын Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен алады, ол ескерткіштердегі жылдарды оқи қалсаң бойыңды еңсең көтеріліп, жаныңа ерлік рух береді дейді (Әбдиманов, 7). Тәуелсіздік алғаннан кейін жарық көрген тарихи романдарда ұлттық рухты асқақтату мен мәңгілік елдің асқақ арманын саралау терең пайымдалды. Ата-бабадан қалған айбын, рух, қасиет бүгінгі күн биігінен қарағанда терең зерттеуді қажет етеді. Қазіргі таңда жиі қолданып жүрген «ұлттық мүдде», «ұлттық код», «ұлттық ментальділік» деген тіркестердің мағынасына терең бойлап, ғылыми тұжырымдама жасауды талап етеді. Тәуелсіздік алып, рухымыздың көтерілгеніне де отыз жылдай уақыт болып қалды. Аз уақыт емес, осы уақыт аралығында көптеген тарихи туындылар дүниеге келді, талай зерттеу жұмыстары жазылды, алайда бәрін зерттеп болдық деп кесіп айту ерте.

Ғалым Лев Гумилев этнос туралы гипотезаны, нақты айтқанда әртүрлі этникалық жүйелердің қалыптасуын қарастырады. Бүгінгі таңда жиі естіп жүрген ұлттық кодтың шығу төркінін этностар арасындағы байланыстарды зерттеген ғалымның еңбектерінен кездестіруге болады. Нақты ұлттық код деп атамаса да, этностардың белгілі бір тайпаның шығу тегін, сол елдің өзіне ғана тән ерекшелігін жан-жақты зерттейді. Этнос, суперэтнос, субэтнос туралы мәліметтерді де алғаш ғылыми ортаға енгізген – Л.Н.Гумилев. Біз де өз тарапымыздан халықтың ұлттық ерекшелігінің қалыптасуын зерттеу барысында ғалымның еңбектеріне соқпай кете алмаймыз.

«Мәңгілік ел», «Ұлттық код» сөздері жиі айтылып жүр, жеке бір зерттеу нысанына айналатын күн де алыс емес секілді. Ұлттың негізгі қуаты – ұлттық код. Атадан балаға мұра болып келе жатқан, ананың сүтімен енген біздің рухани құндылықтарымызды қазіргі жастардың санасына сіңіруіміз керек. Ғалым Т. Сыдықовтың «Рух пен интеллект көкжиегі» деген зерттеулер мен мақалалар жинағында ұлттық ерекшеліктер мен рух мықтылығы туралы ой білдіреді. Тарихқа терең бойлап, Мәңгілік ел болып қалудың жолдарын көрсетеді (Сыдықов, 8).

Ал, әлем әдебиетінде ұлт, әр ұлттың өздеріне ғана тән ерекшеліктері туралы зерттеу жүргізген С.Кьеркегор, А.Тойнби, С.Хантингтон, Э.Мунье, Р.П.Уоррен, А.А.Залевская, М. Риффартер, А.Б.Лорд, Р. Барт, М.Бютор, А.Н. Веселовский, А.А.Потебня секілді ғалымдарды ерекше атап өткен дұрыс.

Нәтижелер мен талқылау

Әр саладағы ғалымдардың пікірінше метафизикада басы ашылмаған мәселелер көп. Ол осындағымен құнды. Ойлау тарихында метафизиканы ғылыми жағынан негізсіз пән ретінде алып тастау да көзделді. Ал, метафизика тіршіліктегі көптеген жағдаяттарды алдын-ала білуімен, осы арқылы жаратылыс құбылысына, оның құпиялылығына деген қызығушылықты тереңдетуімен бағалы. Метафизикаға қатысты түбірлі сыни көзқарастың бастауында тұрған философ Иммануил Канттың өзі оның адамзаттың рухын ұштайтын құбылыс ретінде таныған: «Қай кезде адамзаттың рухы метафизикалық зерттеулерден бас тартқан жағдайда бұл біздің лас ауа жұтудан сескеніп, демімізді алмай қоюмен бірдей болмақ. Әрқашан саналы адамда метафизика болады». Көркем сөздің өзіндік метафизикасы бар. Метафизикалық ойлаудың болмысы – күрделі әрі кең (Aristotle, 2005). Адамзат тіршілігін әр түрлі кеңістік шегінде қарастыру, әдебиетті өзге өнер түрінен ерекшелендіреді. Құдай мен адам, рух пен тән, қасиеттілік пен күнә, өмір мен өлім, еркіндік пен заң, тағдыр мен кездейсоқтық – метафизиканың бұл ұғымдары шынайы әдебиетте көрініс береді. Бұл әдебиетті философияның бір тармағы, ой мен ойшылдықтың бейнесін беруші деп түсіну емес. Рас, метафизика философияның бір арнасы ретінде – дүниетаным заңдылықтарын, табиғат пен жоғары шынайылықтың алуан түрлі формасын қарастырады. Театр мен бейнелеу өнерінің, дін мен саясаттың, тіл мен

музыканың өз метафизикасы бар. Осылайша, метафизика философиядан кең де, тар да мағынада болуымен ерекшеленеді. Бір жағынан метафизика – философияның эпистемология, онтология, этика, эстетикасымен қатар аталатын бір саласы ғана. Екінші жағынан, философия – әдебиет, театр, бейнелеу өнері, музыка сияқты метафизиканың бір аясы. Метафизикаға тән көптеген тақырыптардың бірі – адам баласы жарық дүниеге қалай келеді және неге осы жан иесі қайтадан өмірді тастап кетеді. Метафизика – табиғат жайлы мәңгілік құбылыстар ғана емес, сонымен қатар, адам жаратылысына тән әр таптапты мәселелер жайлы сауалдар алаңы.

Әдеби туындыларда тікелей метафизикалық құбылыстар көп орын ала бермейді. Негізінде, метафизика әдебиетте бейнелер, стиль, сөз саптау, деталь, авторлардың өзіндік қолданыстары арқылы көрініс береді. Кейде метафизикалық ұғымдар ғасырларға жетіп отырады. Осыған сәйкес көркем метафизиканы зерттеу метафизика бойынша трактаттарға қарағанда өзгеше тәсілді қажет етеді (Abu Nasr al-Farabi, 2019). Мұнда автордың тікелей айтылған ойымен ұшыраспайсыз: әдебиеттегі, көркем туынды идеясындағы тұтас оймен жүздесесіз. Ал, бұл ойлау жүйесі кейде авторға да беймәлім болуы мүмкін. Ендеше әдебиет зерттеушісі көптеген жанама материалдармен, мәтіншілік, мәтінаралық байланыстармен кездеседі. Бұдан түйетініміз көркем метафизика жалпы ұғымдарды, категорияларды қарастыратын философияға қарағанда анағұрлым, терең әрі көп қырлы.

Әдебиеттегі метафизика – ғасырдан ғасырға, бір дәуірдегі қаламгерден екіншісіне жетіп отыратын бейнелеу, ұзақ немесе мәңгілік ойлау жүйесі. Әдебиеттегі метафизика екіжақты мәнге ие: әдебиет белгілі бір метафизикалық ұғымды жеткізуші, бейнелеуші; екінші жағынан метафизикалық зерттеу нысаны. Зерттеуші пікіріне ден қойсақ: «Орыс көркем әдебиеті – міне, бұл шынайы орыс философиясы, өзіндік бояуы бар, кемпірқосақ суретіндей алуан бояуы құлпырған сөздің тамаша философиясы. Оның түпсіз тереңінен үнемі адамзат рухының аса маңызды мәселелері туындап отырған». Метафизикаға берілген бұл сипаттама оның мәңгілік құндылықтар жөніндегі зерттеу бағытының дұрыстығын дәлелдеді. XIX ғасырдағы орыс жазушыларының: Пушкин мен Лермонтов, Гоголь мен Достоевский, Тютчев пен Л.Толстойдың метафизикасындағы басты ой ең алдымен күміс ғасыр орыс ойшылдары – Розанов пен Мережковский, Шестов пен Бердяев

шығармаларында ашылды. XX ғасырдағы орыс әдебиеті үшін метафизикалық ойлау кезеңі және нәтижесін қорытуы – яғни күміс ғасыры қазіргі жиырма бірінші ғасырдың бастауына сәйкеседі.

Адамзат мәдениетінің рухани қазынасы үнемі алдыға озып отыратыны белгілі. Сонау XI ғасырда жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны сол тұстағы ел өмірінде маңызды орын алғаны тарихтан белгілі. Авторға осы еңбегі үшін «хас хаджиб» лауазымы берілген. Заманынан озып туған Жүсіп Баласағұнның бұл еңбегі нешеме дәуір өтсе де, өз құндылығын жоймаған бағалы тарихи жәдігер екені айғақталып отыр. Баласағұн дәйектеген мәселелер бүгінгі жаһандану дәуірінде де терең мәнге ие. Сол дәуірде қозғалған ел басқаруда адамгершілік, имандылық, ізгілік, әділеттілік, білімділік қағидаларын тұтынудың өзектілігі арта түспесе кеміген емес. Дастанның басты мақсаты – бақытты қоғам құру, берекелі де құтты ел түзу. Яғни отбасын ұстаудан бастап, мемлекет құру, ел басқару ісіне дейінгі ұстанымдар берілген. Бақытты, ізгілікті қоғам құру жер бетінде адам баласы пайда болғаннан бері көнермей келе жатқан адамзаттың аңсары. Дастанда автор: «Адам жайлы баяндайын енді мен, Қадір тапқан ақыл, білім, иесімен», – дейді (Әдеби жәдігерлер, 12). Адам баласы жаратылысынан ақылды, білімді болып тумайтынын білеміз. Бұл қасиеттер адамға еңбек арқылы келеді. Отбасындағы тәлім-тәрбие, қоршаған ортада болып жатқан жақсы-жаман құбылыстар, қоғамдық құрылыс, халықтың әлеуметтік жағдайы – осы факторлардың бәрі де адам баласына әсер етпей қоймайтыны ақиқат. Ал, осы толып жатқан ұнамды-ұнамсыз құбылыстардың парқын ажырату үшін негізі мықты тәрбие мен білім қажет. Сонда ғана жұмыр басты пенде ақылмен, оймен, парасаттылықпен ғұмыр кешеді.

Посткеңестік кезеңде «еуразияшылдық» пен «ғарыштық» дискурс алдыңғы кезекте көрінуге ұмтылды. Еуразиялық көзқарас тұрғысынан біршама уақыт батыс ықпалы мол болды. Себебі әлем көркем сөз өнерінде ғасырлар бойы адамзаттың биік интеллектісін қанағаттандырып келе жатқан мәңгілік толастамайтын идеялар бар. Олардың бәрі жинақталып метанарративті құрайды. Метафизика көп жағдайда метанарративпен байланысты еді. Метафизикалық тармақтардың әрқайсысы метанарративке бастайды. Яғни, барша әдебиет үн қоса алатын тақырыптар, баяндау жүйесі болады. Әдебиеттің метафизикалылығы сол, ол

көп жағдайда айтылуға тиісті ойдың бейнесін, белгісін ұғындырады. Т.Карлейль айтқандай «символда құпиялылықпен қоса ашықтық та бар, яғни үнсіздік пен сөз екеуі бірлесе әрекеттесіп, екіжақты мәнге ие болады». Шындығында да жазушы ештеңе айтпайды, айтатын – кейіпкер. Зерттеуші М.Бахтинше айтқанда «жасалған бейне (яғни, бірінші автор) ешқандай ол жасаған бейнеге ене алмайды. Жазушы атынан ешнәрсе айтуға болмайды. Сондықтан алғашқы автор үнемі үнсіздікте болады». Яғни автор жасалған дүниенің ішіне толықтай ене алмайды – осыдан келіп көркем әлемде метафизикалық құпия болады. Әдебиеттегі құпия – «алғашқы автордың» үнсіздігі, ол бәрін айтып болған соң, оқырманға әрі қарайғы ой жалғастығын қалдырады. Көркем сөз – белгілі бір мәні бар үнсіздік. Оған дәлел қазақтың байырғы салт-дәстүр, ғұрпы. Мәселен, фольклордағы жұмбақ, мақал-мәтелден бастап, барша жанрларында осы сөздің құпиялылығы сақталған. Мәселен, қазақ сөзді астарлап, тәмсілдеп сөйлеген. «Ақыл жастан, асыл тастан шығады» деген мақал әрі жалқы, әрі жалпы мәнге ие. Біз осы тобықтай мақалдан тоқсан ауыз сөзді өрбіте аламыз. Шағын ой орамы өзінің ішкі мағынасын тереңге бүккен. Оның ар жағында айтылмай қалған ойды оқырман өзі табады. Сөздің астарында мол мағынаның болуы сол халықтың сөз өнерінің ерекшелігі. Кешегі шешендер мен билер де елдің елдігін сөзбен, қызыл тілдің айшығымен сақтап қалған. Осыған орай метафизиканың негізін қалаған Аристотельдің өзі «халықтың таңғалған, қайран қалған сезім-күйінің өзі философияға жетелеген», – дейді (Ryan, 2017). Ал, халқымыздың мол арналы сөз өнері қаншама терең даналықты көрсетеді. Халық әдебиетіндегі батырлар жыры елдің қорғаны болған қаһармандықпен қоса, халықтың дәстүрін, ұрпаққа деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығын әйгілемей ме? Мәселен, «Қамбар батыр» жырында «Жақсылар дастан бастайын, әуелі алла сиынып, екінші кәміл піріме» деп алдымен баба жоралғысынан бастап, «ашқа тамақ, жаяуға ат, төрт түлік малға көңілі шат, жарайды екен қысылса, жұртының қиын күніне» деп алты ұлы, Назымдай сұлу қызы бар Әзімбайды мадақтаудан басталады (Қазақ халық әдебиеті, 5). Бұл батырлар жырының қай-қайсысына да тән. Батырлар жырының басы жалпы дастанға тән метанарративті әйгілеп тұр. Себебі, батырдың өзі ел ішінен шығады, ендеше оның отаны, туған жері, ата-анасы мен ел-жұртының ахуалы тегіс қамтылуы шарт. Осы пролог бірінен бірі өтетін таңғажайып оқиғаларға ұласады. Оқырманын

қызықтыра отырып, небір батыр, қаһарманды, оның ерекше батырлығын, ақылды жары мен есті тұлпарын суреттей отыра, батырлық пен қаһармандықтың шығу төркінін, оған тән белгілерді санамалап отырады. Сол арқылы метафизиканы жинақтайды. Яғни, батыр ерекше тұлға, оның дүниеге келіп, тұлпар тізгінін ұстағанынан бастап, ешкімге ұқсамайтын ерек сипаты кемелденіп отырады. Бұл халықтың ел қорғайтын ерді армандауынан туған. Ендеше, батыр осал болмауы тиіс: оған «шапса қылыш, атса оқ өтпейді, суға салса батпайды, отқа салса жанбайды». Елдің панасы болатын батырдың осындай ерекшелігі оның жарынан, тұлпарынан, жасаған жорығы мен күресінен де байқалуы керек.

Халықтың мәдени коды – сол елдің мәдениеті мен әдебиетін сәйкестендіретін ақпараттар жүйесі. Әлемдік тарихта дәуірмен, мемлекеттің саясатымен және мәдени деңгейімен сәйкес әлеуметтік-мәдени кодтар тасымалданып отырса да, халықтың ұлттық болмысы, тұрмыс-тіршілігінің негізі сақталады. Мәдениет – халықтың өмірі, оның ақыл-ой дамуының өткені, қазіргісі және болашағы. Әр халық жалпы адамзат өркениетінің даму тарихы аясында өздерінің дербес рухани құндылықтарын жоғалтпай, сақтап, жеткізіп отырады. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында көптеген жәдігерлер халыққа жетті.

Ұлы дала тарихында қазақ халқының басынан өткен талай жағдайлар сақталып қалды. Әр дәуірде ғұмыр кешкен әл-Фараби, Махмұт Қашғари, Баласағұн, ибн-Сина, Яссауи, Ұлықбек әлемдік өркениетке бағасыз үлес қосты. Осы дала ұлыларының өлшеусіз еңбектері Еуропа ренессансына жол ашты. Қазіргідей интеграция мен инновациялық ізденіс кезеңінде жаһандану үрдісінің өзі әр ұлттың дербес табиғатын тани түсуге де мүмкіндік жасауда. Яғни, тұлғаның жеке қасиеті, жан диалектикасы, тұлға концепциясының орнығуы, қайраткерлік сипаты ерекше назарға алынууда.

Қазақ халқының ұлттық коды бірегей. Ол жалпы әлеуметтік-этнографиялық, мәдени-әдеби даму сипатынан айқын аңғарылып отырады. Ал, оның көркемдік тұрғыда бейнеленуі халқымыздың этникалық бірегейлігін, көркемдік ойлау жүйесінің ерекшелігін айқындай түседі. Әлемдік этникалық картина – бұл дүниетаным көрінісі. Алғашқы әлемтанушылық модель этнос дамуының ең ерте кезеңінде қалыптасып, мифологиялық болмыс иеленеді. Мифология ұлттан оқшау емес, ол ұлттың рухани «іргетасы», алғашқы тарихы, ең басты ұлттық сипатты

айқындап, өмір бойы сол халықпен ілесе дамып отырады. Алайда, мифологияның ұлтаралық, ортақ сипатты иеленетін тұстары да бар. Оған дәлел ретінде «мекен», «үй» ұғымын алуға болады. Ол әлем халқы үшін ортақ сипат иеленеді.

«Үй» мифологемі басым мәнге ие ұғым ретінде әлемдік әдеби үдеріске ерекше ықпалын тигізді. Әрбір көркемдік бейнелеуде бұл ұғым өзіндік философиялық-ғұрыптық мәнге ие. Әрине, көшпелі өмір салтын ұстанған халқымызда бұл ұғымның шарттылық сипаты басым. Сайын даланы жылдың төрт мезгілі жайлаған қазақ қай жерге төрт түлік малын өргізіп, ошақ орнатты, тау-тасына, суына атау қойып, қазығын қақты. Бір маусым тұрақтаған жерін отаны, үйі санады. Сондықтан үй қазақ халқы үшін кең, әр тарапты мағына иеленді. Тіпті ғасырлар бойы мекендеп, ата-бабасының ежелгі мекені болған жерді де даланың кеңдігімен өлшеді. Осы арқылы халқымыздың генетикалық жады тереңдей түсті. «Мекен», «үй» мифологемі өзіндік культ иеленді, халқымыз қара шаңырақтың қасиетін қадір тұтты. Осы ел-жерін қорғап, тыныштығын, бейбіт тіршілігін сақтау ұлт үшін міндет болды. Ел бірлігін сақтау үшін төрелік айтып, кеңес беретін билер, ел қорғаған батырлар шығып, ұлт тарихында қалды. Ендеше, мекен, тұрақ, қоныс деген ұғымдар халқымыз үшін концептілік мәнге ие. Осының бәрі адам болмысының метафизикалық қасиетін тереңдетті. Ел іргесін ажыратпай, бейбіт жағдайды сақтап, мал-жанына мекен тауып беру өзекті болды. Сондықтан ел іргесіне жау тигенде алдымен ес жиятын ақын-жырау, шешен-көсемдер болды. Олар елдің сол тұстағы жағдайына байланысты әрекет етіп, елге жөн сілтеді. Оларға қорғаныш болатын қауіпсіз жер табу, елдің іргесіне қорған болатын ер-азаматты атқа қондырып, бес қаруын сайлап беру, сырт жауға қарсы жұмылдыру, келіссөздер мен мәмлегерлік жұмыстар – осының бәрі белгілі бір тәртіппен атқарылуы тиіс болды. Ал, бұл ұлтты сақтап қалудың бірден-бір жолы еді. Осының бәрі тұтаса келе адамның санасында қоршаған ортаға, жалпы айнала кеңістікке деген көзқарасын, тіршіліктің мәні, ұрпақтың қамы, өмір мен өлім, сенім мен рух сияқты түсініктерді қалыптастырды.

Ұлттық код – сол ұлттың дүниетанымында, санасында жинақталған, тұрақталған белгісі. Ол ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Әрине, сол күйінде емес, толығып, өзгеріп, қырланып отырады, кейі өзгеріп, ұмтылады. Оған сол ұлттың қазіргі жағдайы, өмір сүру салты ықпалы тигізеді. Ал, бірегей сипат өміршеңдігін

сақтайды. Тіршілік үшін күрестің санада орныққан түрі де басымдық мәнге ие болды. Мәселен, елдің алдында бата беру, тілек тілеу, құдайға жалбарыну, алғыс, қарғыс, құрбандық шалу, түс жору, миф, аңыз әңгімелердің тууы – осының бәрі адамның метафизикалық болмысын тереңдетті. Адам дүниетанымы өткенді еске алып, болашақты болжау, әр түрлі белгі-нышандарға мән беруге де ойысып отырды. Осыдан келіп сана тереңінде жасырынған кейбір архетип түсініктер алға шықты. Кеңістік пен уақыт қатынасы ерекшеленіп, идиллиялық сапаға ойысты. Яғни, мекеншақ қатынасы ерекшеленіп, адам баласы өзінің туған жеріне, қонысына, ата-баба мекеніне ерекше ілтипат білдіріп, әрбір деталін жадында сақтады. Яғни бұл орын бірлігі бесік пен қабір, балалық шақ пен қарттық кезеңдерін үндестіріп жіберді де адам санасында өмір жайлы өткен мен болашақ туралы ұғымдарды бір мезетке тоқайластырып жіберді.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында «мифологемнің» проблемалық өрісі кең әрі көптеген пікір қайшылықтарын тудырып отыр. Себебі бұл ұғым мәдени және ғылыми парадигма тұрғысынан философия, әлеуметтану, саясаттану салаларына қатысты да, мифологем үнемі жаңа, қосалқы мәнмен толығып отырады. Осы ретте, мифологем жайлы ғылыми дискурс оны көркем мәтіннің мифопоэтикасы тұрғысынан ең бір орталық мәселеге жатқызады. Оған себеп көркем мәтін кеңістігі екі өрісті – көне архаикалық ойлау мен жеке-авторлық мифопоэтиканы бір мезгілде қарастыра алады. Жалпы қоғам дамуындағы өркениеттегі дағдарыс, сананың толқымалылығы, адам баласының болашаққа деген сенімсіздігі оларды соңына, өткеннің болмысына қарайлап, содан жұбаныш, айнала қоршаған ортаның жарасымдылығын іздеуге мәжбүр етті. Яғни, халық жадында бекіген ежелгі мифологемге неомифологиялық тұрғыда қарап, тануға жетеледі. Енді адамдағы ежелгі түсінік-ұғымдардың жаңаша қырлары ашылып, қабылдана бастады. Яғни, халқымыздың ата-мекенге деген көзқарасы өрістеп, тұтастықтан жекелікке ойыса бастады. Бұл мифологем адамзат мәдениетінің ықпалдастығын аңғартады. Яғни көнедегі дала кеңістігі, күмбез, орда бейнесі бүгінгі жаңа дәуір өркениетімен ұштасты. Сол арқылы адам баласының санасына көне таным бейнесі орнығады. Ал, көркем әдебиетте бұл мифологиялық сюжеттер, бейнелер негізінде тұрақтанады. Қай кезде де халық болашақтан жақсылықты күткен. Оны ертегі, аңыздарында, жыр-дастандарында молынан сипаттаған.

Классикалық өнер шындығында өзінің шығарылымын толық таныған жерде пайда болады. Әрине, ғасырлар желісінде классикалық дүниелердегі шексіз мағына тереңдігі мойындалып келеді. Классикалық өнердің осындай ашықтығы Гегельге дейінгі классикалық философиямен сәйкесті. Оның әрі қарайғы жалғасы Кьеркегор, Шопенгауэр, Фейербах, Маркс, Ницше секілді ойшылдарда жалғасты. Осымен қатар, оның екінші жағы – эстетикалық «қабылдау» бар. Ендеше, адамзат өнер түрлерін қабылдау арқылы рухани биікке жоғарылайды. «Күмәндану мен сенім» – екіжақты қайшылықты түсінік. Ойшыл С.Кьеркегор «Страх и трепет» еңбегінде осы парадоксті талдайды (Большая энциклопедия, 2005). Авангардтық бағытты ұстанған өнер діни болмысты, құпия әрі бейсана құрылымдық танымда байқатады. Әр адам өзінің генетикалық тамырына үлкен күмәнмен қараса, оның бұл сезімі әр түрлі дүдәміл, күдікті, әр тарапты ойларға жетелейді. Осы арқылы адам танымындағы түс көру, екіұдайылық сезімі туады. Көне мұраларда адам баласының жаратылысы жұмбақ құбылыстарға әуес келетіні айтылады. Сол құпияны шешу жолында адам күресуді, әрекет етуді, ойлануды, ісінің дұрыс-бұрыстығын парықтауды үйренеді. Адам баласы алдағыны болжау, елестету, ойдан шығару, әр түрлі амал-тәсілдерге жүгіну, жаратылыс құбылыстарынан жәрдем сұрау, жалбарыну тағы басқа күй кешеді.

«Азаматтық қоғам» – құл иеленушілік, феодалдық немесе буржуазиялық қоғам кезінде әлеуметтік теңсіздік пайда болады. Осындай кезеңде идеологиялық қарама-қайшылық басым көрініс береді. Мұны өз кезінде Гегель тұлғаның қалыптасу процесі, өзінің индивидтік дербес мақсаты мен ұмтылысының орнығуы деп атаған. Бұл тип Еуропада XI-XII ғасырларда пайда болып, өзін ренессанстық кезеңнің гуманистік дүниетаным белгілерімен көрініп, адамның жер бетіндегі құқығын сақтау жолына арнаған. Дәуір жылжыған сайын бұл түр эволюциялық даму жолынан өтіп, оның алған бағыты тереңдеп, енді жекелеген адамдардың адамгершілік-идеологиялық құқықтарын ғана емес, тұтастай елдің, топтың мүдделерін қорғау жолына беттейді. Осы арқылы субстанциялы тип ұлттың ең озық, күш-жігерін, санасын иемденеді. «Тұлға» ұғымының батысеуропа тіліндегі баламасы персона, ол адамның дербес сипатын (индивид) әйгілейтін ұғым. Тұлға ұғымын анықтауда оның дербес сипатынан бөлек, оның өмір сүрген кезеңі, нақты

уақыт-кеңістік қатынасын айқындау қажет. Тұлғаның ерекшелігі ол әрекетімен де, ой-таным биіктігімен де көптен оқшау тұрады. Тұлға өз ұлтының ұлттық дәстүрін сақтаумен қабат, оның алыс болашағын кемелдікпен парықтайды.

Дәстүрдің сақталуы ұлттың мәдени жадына тікелей қатысты. Халқымыздың ауыздан ауызға тараған фольклорлық мұраларында сол ұлттың бүкіл тұрмыс-тіршілігі тұнып тұр. Әрине, фольклордағы «дайын формалар» дайын сюжет, жанр, баяндау түрлерін туғызуға негіз болды. Алайда, көркем шығармашылық, риторикалық дәстүр шегінде әлемнің онтологиялық көкжиегі игерілді. Олай дейтініміз жақсы тұрмыс, жайлы қоныс, ұрпағының, ел-жұртының амандығы – әлем халықтарына ортақ жайт. Осы тепе-теңдікті сақтау үшін әр халық түрлі әрекеттер – күрес, қарсылық, бейбіт мәміле, қоныс аудару – жүргізіп отырған. Соның ішінде ұрпақтан ұрпаққа жеткен дәстүр, ғұрыптар өзінің өміршеңдігімен ерекшеленеді. Тек халқымыздың ауызша шығармашылығында ғана емес, жазба сөз өнерінде де дәстүр сақталып отырған. Дәстүр осы тұрғыда өнер иесінің дербес шығармашылық мүмкіндігін шектеп тастамаған. Керісінше ол өз дәуірінің озық дәстүрлеріне сүйенеді. Осылайша дәстүр және дәстүрлілік тарихи дәуірдегі мәдени құбылыс ретінде сақталды. Әр дәстүрдің өзіндік басым бағыттары болады. Зерттеуші В.Хализев пікірімен түйіндесек «дәстүрлілік шегінен шығу әдеби шығармашылықтағы дәстүр аясын кеңейтті әрі оның мәнін тереңдете түсті» (Краткая литературная энциклопедия, 1966).

Әрине, қоғамдық-саяси өмірдегі ірі өзгерістер шығармашылыққа өзінің ерекшелігін әкеп отырады. Осыған байланысты әдебиетте де «дайын формалар» пайда болып жатады. Мәселен, өткен дәуірдің басында әдебиетте орныққан бай, кедей, жетім бейнелері сипатталған көркем туындыларда ұқсас сюжетті, біркелкі идеялы шығармалар туды. Осыған сәйкес күрескер тұлғалар, езілгендер, қалың мал құрбандары мен әлімжеттік күйге ұшыраған кейіпкерлер жүйесі қалыптасты. Олар қоғамдағы белсенді күшке айналды. Себебі, олардың жеке басындағы жағдай сол тұстағы қоғамның да басты ахуалын аңдатты.

Адам санасын тарихтан тыс алуға болмайтыны белгілі. Адамның болмысы оның әлеуметтік сапасын айқындайды. Адам жағдайы, факторы көбірек қозғалса, сол ортаның әлеуметтік атмосферасы өзгереді. Себебі, адам өзінің хал-жағдайын қоғамдағы басым мәселе қатарына көтереді. Адамның ішкі болмы-

сын психологиялық әлем дейді. Оған тереңдеген сайын адам психологиясының терең, ерекше қырлары айқындала түседі. Зерттеуші С.Л.Рубинштейннің көрсетуінше, психологиялық аспекті аясына психикалық механизм мен процестер жатады. Себебі адамның жеке психологиялық күй-жағдайының өз ортасына лайық жалпы сипаты болады. Бұл туралы өз зерттеулерінде қарастырған ғалымдар С.Г.Якобсен мен Н.А.Менчинская моральдық қағидалардың қалыптасу және қызмет жасау механизмдерін және ғылыми дүниетаным формаларын айқындауға күш салды. Көне дәуірден бастап-ақ психологтар адамда ойлау, қабылдау, түсіну процестерінің әр түрлі деңгейде болатындығын анықтаған. Яғни мұның ішінде адамның саналы, бейсаналы, қалыпты, үйреншікті әрекеттері жатады. Психолог П.В.Симонов осы психологиялық сана аясына адамның болмыстан тыс тұратын сана түрін де жатқызады. Әлеуметтік психологияның жалпы психологиядан өзгешелігі адамның белгілі бір ортадағы, топтағы психологиялық реакциясын зерттейді. Осы жағынан әлеуметтік психология жалпы психологияның мәнін тереңдетеді, себебі әлеуметтік дегеннің өзі адамның ұлтын, ортасын, ұстанатын әдет-ғұрпын, адамгершілік қалпын анықтап береді (Jung, 1952).

Ал, көпшілік ортасындағы адамның күнделікті күйі үнемі жүйелі бола бермейді. Бұған оның білім, тәжірибесін, әрекетін, ұстанымын білдіруін қоссақ, оның сол ортадағы тұлғасының ерекшеленуі пайда болады. Тұлға құрылымын зерттеу оның сол ортадағы адами, мінез-құлық, білім-парасат, таным ерекшелігін айқындап береді. Адамның осы ерекшелігі неғұрлым терең, өзгеше болған сайын оның тұлғасы да даралана бастайды. Қоғамдағы мораль – адамның әрекетінен туындайды. Ал, адами, имандылық құндылықтар – қоғамның болмысын айқындайды. Бұған ұлт тарихындағы елге көсем бола білген тұлғалар тағдыры дәлел. Өз кезінде Бұқар жырау хан мен халықтың арасына дәнекер бола отырып, ел-жұртының бүтіндігін сақтауға күш салды. Жырау ханға батыра сөйлеп, саясатындағы бұрыстықты бетіне басып отырса, кейде тұтас руға да қатаң сөйлеп, ықтыра тіл қатты. Кей тұста алдағыны болжап, ханды да, қараны да сабырға шақырды. Бір өзі ақын да, жырау да, мәмлігер де, сәуегей де бола отырып, өз ортасындағы бейбіт өмір, этика талаптарының сақталуына мұрындық болды. Бұқардың осы тұлғалық ерекшелігі ел басқарған ханға да қажет еді. Ендеше, жырау елдің ішкі-сыртқы саясаты-

на да еркін араласып, ханның ақылшы, кеңесшісі болды. Жыраудың осы болмысы оны басқа сөз өнерпаздарынан ерекшелендірді. Сондықтан жыраудың айтатын сөзі де кесімді, өткір, терең болды.

Жер бетінде адамзат пайда болғаннан бастап, оның өмірді, тіршілікті бағалауы, бақытты ғұмыр кешу, ізгілікке, имандылыққа, адамгершілікке, мейірбандылыққа, парасаттылыққа жақын болуға ұмтылысы үзілген жоқ. Осыдан келіп адамның санасында өмірдің мәні, мәңгілік құндылықтар туралы сұрақтар туындады. Бұл жөнінде барша адамзаттың ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы жайлы» трактатында: «Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғарғы бақытқа жету болатын болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы керек. Сонан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп соған әрекет жасауы тиіс. Әртүрлі индивидтердің түрліше қасиеттерінің айтылғанынан мынадай айқын қорытынды шығады: білуі тиіс болған (нәрселер) мен бақытты кез келген адам біле бермейді. Бұл нәрсе кез келген адамға бітетін қасиет емес. Ол үшін (екінің бірінде) ақылгөй ұстаз керек. Кейбір кісілер азын-аулақ қана басшылықты керек етеді, басқа бір адамдар – көп басшылықты қажет етеді. Бірақ басшылықтың бұл екі түрі болғанның өзінде ол адам, егер сырттан итермелеуші, немесе талпындырушы болмаса, үйреткен, берілген ақылдың бәрін бірдей орындай бермейді. Бұл жағдай адамдардың көпшілігіне тән нәрсе. Сондықтан ол осының бәрін үйрететін және тиісті амалдарды орындауға итермелейтін адамдарға зәру болады. Кемел ақыл иесі Жүсіп Баласағұн бақыт жайлы ойды: «Кімдер жомарт – сол бақыттың иесі, Бақыт берген жанға бақыт тиесі!» яғни, адам бойындағы жомарттығы мен дархандығы басым болса сол адам бақытты дейді. Ұстаз болып, бүкіл жұртты ізгілікке шақыру дегеніміз – хакім болумен пара-пар. Хакімдер жайында Жүсіп білгір, ғалым адамдармен қалай қатынасу керектігін, хакімдер халықты жақсылыққа, ізгілікке бастаушылар. Олардың білімін үйрен, өздерін сыйла деп уағыздайды. Бұларды қалай шешу, өзінің мінез-құлқын қандай әрекеттерге арнауына қарай адамның өмірдің мәні туралы ұстанымы орнықты. Бұған өзінің айқын көзқарасын білдірген ұлы Абай болды. «Толық адам» тәрбиелейтін адамның өзі кемел ұстаз болуы қажет. «Толық адам» деңгейіне көтерілген адам ғана адам ұлт ұстазы деген атқа лайықты болуы керек.

Адам болмысы негізінен, дербестікке бейім. Оған әр ұлтқа тән ортақ сапаларды телісек, ұлт тұлғасының болмысы айқындала түседі. Қазақ ұлтына тән шешендік, ой кеңдігі, парасаттылық, тәмсілдеп сөйлеу, арғы-бергі тарихына, бабалар дәстүріне жүйріктік – тұлға болмысын айқындайтын қасиеттер. Осыдан тұлға теориясы туады. Ал, әрбір тұлға өз ортасының өзгерісін, ерекшелігін, ахуалын байқап, ойға түйіп жүреді. Сол арқылы оның эмоционалдық-сезімдік, интеллектуалдық, рухани қуаты орнығады. Ол ортасымен үнемі диалогта болады. Диалогқа қатысты ғалым М.Бахтин: «Айту өзгелер үшін керек. Адамның ойы шынайылыққа айналу үшін адамдар бір-бірімен сөйлеседі, ой, пікір алмасады. Сол арқылы бір-бірін тани түседі. Осы өзара көру затты-мағыналық, композициялық-тілдік қатынас түрінде жүзеге асады. Сол арқылы «қосүнділік» пайда болады (Бахтин, 1975). Диалог формасы әр түрлі. Оған халқымыздың тарихындағы айтыс, мәміле, келіссөздер, шаңырақтағы әр түрлі интерьерлер, қару-жарақ, киім үлгісі, салт-дәстүр белгілері жатқан. Мәселен, «... жаңадан сайланған ханға қошемет, біздің пайымдауымызша, хан сайлауының өте маңызды – ақ киізге көтеру рәсімі атқарылады. Ол мынадай екі сәттен тұрады. 1) Ақ киізге жаңа ханды отырғызу салтанаты; 2) Ақ киізге көтерілген ханды көтеру (қақпақылдау). Бұл ханды марапаттаудың шарықтау шегі». Бұл халық пен хан арасындағы диалог үлгісі. Халық алдында орындалатын осы рәсім жұртшылықты хан сайланды, енді ол билікте отырады, оның айтқаны заң. Ханды төбеңе көтеріп, құрмет ет дегенді білдіреді.

Адамзат тарихы тек қоғамдағы саяси мәселелерді шешпейді. Тарихта адам дамуына қатысты мәселелердің бәрі өзекті болуға тиіс. Тарихты тану арқылы онда орныққан құбылыстар жаңаша пайымдалып отырады. Бұған адамның, тұлғаның интеллектісі қатысады. Тарихшы ғалым Х.Әбжанов: «Еуразия құрлығының шығысындағы өркениет иелері – жаңаша жыл санауға дейінгі III мыңжылдықта Құлжабасында жабайы аңдар суретін қалдырғандар, қола дәуірінде Беғазы-дәндібай мәдениетін дүниеге әкелгендер, сына жазуының иесі байырғы түркілер көтерген қара шаңырақты ұстап қалған қазақтар әріден келе жатқан дәстүрді жалғастыра отырып, кәсіби қоғамдық ғылымдар толық қалыптаспаған уақыттың өзінде тарихты жоғалтпаудың, жүйелеудің, насихаттаудың ұтымды екі үлгісін түзді. Біріншісі – болған істі, өткен күн оқиғаларын қаз-қалпында баяндау.

Екінші үлгі – шежіре тарқату. Егер бірінші үлгіде тарихи үрдіс халықтың, қағанның, ханның, батырдың, билер мен бектердің іс-әрекетімен, араласуымен баяндалса, екінші үлгідегі тарих баянында жеке тұлғаға басымдық беріледі. Екеуінде де тарихтың себеп-салдары, басталуы, барысы, тағылымы бір-ақ ауыз нақыл сөзбен, ой-тұжырыммен тиянақталады». Халқымыздың табиғатына тән сабырлылық пен төзімділік оның дүниетанымына ықпал етті. Көп ретте баба дәстүрі сөздің күшімен атқарылды. Халқымыз дала заңына бағына отырып, жаратылыс ұсынған көптеген құпияның жауабын таба білді де, оның өзінің тұрмыс-тіршілігінің бөлшегіне айналдырды. Халық кейде көпке, ортасына, тіпті ұрпағына риторикалық сұрақтар қойды. Жаратылыстың метафизикасын қабылдап, соған сай ғұрпын, салтын орнықтырды. Адам тәні өлсе де, рухының мәңгілік екенін мойындап, ата-баба аруағына сыйынды. Мәңгілік деп санаған ұғымдарды түзді, сөздің магиялық күшіне сенді.

Академик С.Қасқабасов: «Көркем фольклор шығармаларының тағы бір орындалу мәнері бар. Ол – экспозитивті, яғни түсіндіре баяндау. Бұндай мәнер өте шебер жыршылар мен ертекішілер өнерінде кездеседі. Олар жай жырлап, болмаса ертегіні құр баяндап қоймайды. Оқиғаға араласпай отыра, олар кейде тікелей, кейде жанай баяндалып отырған оқиғаға деген өз қатынасын, яғни көзқарасын білдіріп отырады». Адам баласының эмоционалдық ашықтығы мен қарым-қатынасқа бейімдігі өзінің ана тілі арқылы көрініс береді. Адамның тіл мәдениеті оның этноәлеуметтік және мәдени-тарихи тұтастығының дамуы ретінде өзінің ұлттық болмысымен ерекшеленеді. Қазақ халқының сөйлеу этикеті ғасырлар бойы қалыптасып, дамыды. Оның жұмсалуды қоғамның даму үрдісіне, адамның әлеуметтік мәртебесіне, жас ерекшелігіне байланысты. Зерттеуші Л.В.Щерба тілдік практиканы зерттеу үстінде

«тіл-сөз» диадасын енгізді өзінің көзқарасын зерттеуінде былайша негіздейді: «...өзіміз тірек ететін барша тілдік өлшемдер болашақ концепт бола отырып, біздің сөйлесуіміз бен түсінуіміз арқылы қалыптасып, «тілдік материал» ретінде орнығады. Осылардың бәрі жинақтала келе, белгілі бір ортаның сөйлеу мәдениетін орнықтырады» (Щерба, 1957). Бұл адамды танудың, ішкі болмысын бақылаудың құралы болады.

Қорытынды, тұжырымдар

Қазақ халқы өзінің өткен тарихында қаншама соғысты, жорық пен аласапыран оқиғаларды бастан кешті. Ұлт болып қауымдаса бастаған жұрттың бірлігіне сына қағып, шашыратып жіберуге құмар дұшпанның көздегені елдің, жердің кеңдігі мен байлығы еді. Ал, жебесін оққа толтырған айбынды батырлар, тілге шешен, ойға жүйрік абыз би-шешендер халықтың басына қайғы әкелетін жағдаяттардан аулақ болуға үндеді. Бұл – ұлттың қасиеті. Қазақ халқы өзінің ғасырлар бойғы арман-аңсарын, тіршілік жайлы даналығын салт-дәстүріне, көркем сөзіне ұйытқан. Осы арқылы ұлттың бірегей санасы, танымы орнықты. Бұл ұлттың кодын айқындады.

Кез келген ел әдебиеті – сол халықтың мәдениетінің, ұлттық санасының көрінісі. Әдебиет халықтың бостандыққа, еркіндікке, болашаққа деген сенімін, қадамын аңдатып отырады. Сондықтан да әлеуметтік өмірдегі теңсіздік, күрес, жалпы бұқараның ахуалы әдеби шығармада үзбей көрініс береді. Әдебиеттің де өзіндік метафизикасы бар. Метафизикалық, ойлаудың күрделілігі мен кеңдігі, адамзат тұрмысының шекті, шексіз жағдайларын қарастыру, әдебиетті адамның көңіл-күйін шапшаң өзгертіп, жедел ұмтылатын басқа өнер түрлерінен ерекшелендіреді. Бұл әдебиеттің мүмкіндігін, көркемдік-таным қуатының беріктігін дәлелдейді.

Әдебиеттер

- Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. 1 том. Ежелгі Шығыс. – Астана: Фолиант, 2005. – 480 бет.
 Л.Н.Гумилев және дала өркениеті проблемасы// Л.Н.Гумилев: этногенез теориясы. – Астана: ЕҰУ, 2012. – 158 бет.
 Қойшыбаев Б. Ұлттық код – рухани болмыс кілті [Мәтін] / Б. Қойшыбаев // Егемен Қазақстан. – 2017. – № 115. – 19 маусым. – 5 бет.
 Әбдіманұлы Ө. «Қазақстанның қазіргі әдебиетіндегі ұлттық идея және тарихи мәселелер» І.Есенберлиннің 100 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция. 9-сәуір, 2015 жыл. – Алматы: ҚазҰУ, 2015. – 88 бет.
 Сыдықов Т. Рух пен интеллект көкжиегі: портреттер, зерттеулер. – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік институты, 2015. – 361 бет.
 Aristotle. Poetics and Rhetoric – New York : Barnes & Noble Classics, 2005 . – 517 p.
 Abu Nasr al-Farabi. The book of mind. – Almaty: Abai International club, 2019 . – 238 p.

Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. Том 5. Ж. Баласағұн. Құтты білік. – Алматы, 2007.

Ryan M. *Literary Theory: a practical introduction*. – New York: Wiley Blackwell, 2017.

Қазақ халық әдебиеті. Т.3. Батырлар жыры. – Алматы, 1987.

Краткая литературная энциклопедия / гл. ред. А.А. Сурков; редкол.: Х.Ш. Абдусаматов [и др.]. – М.: Советская энциклопедия, 1966. – (Энциклопедии. Словари. Справочники. – 111000 экз. (в пер.) – Нұрғожа Ораз қоры. Библиогр. в конце ст. Т. 3. Иаков-Лакснесс, – 976 стр.

Литературная энциклопедия терминов и понятий. – М.: Интелвак, 2001. – 1600 стр.

Jung K.G. *Psychology and Literature. The Creative Process*, ediked by Brewster Ghiselin. Berckley and Los Angeles. 1952.

Bakhtin, M.M. *Questions of Literature and Aesthetics*, (Russian) – Moscow: Progress, 1975.

Щерба Л. *Избранные работы по русскому языку*. – М., 1957.

References

Abdimanuly O. (2015) *Kazakstannyn kazirgi adebietindegi ulttyk idea zhane tarihi maseleler*. [National idea and historical problems in modern literature of Kazakhstan]. Conference materials. 9 april. KazNU. – 88 p. (in Kazakh)

Abu Nasr al-Farabi. (2019) *The book of mind*. – Almaty : Abai International club. – 238 p. (in English)

Adebi zhadigerler. (2007) *Zhiyrma tomdyk. T. 5. Zh. Balasagun. Kutty bilik*. [Literary relics] – Almaty, – 536 p.

Aristotle. (2015) *Poetics and Rhetoric*. – New York : Barnes & Noble Classics. – 517 p. (in English)

Bakhtin, M.M. (1975) *Questions of Literature and Aesthetics*, (Russian) Moscow: Progress.

Gumilev L.N zhane dala orkenieti problemasy. (2012) [L.N. Gumilyov and the problem of Steppe civilization] ENU, – 158 p. (in Kazakh)

Jung K.G. (1952) *Psychology and Literature. The Creative Process*, ediked by Brewster Ghiselin. Berckley and Los Angeles. (in English)

Kazakh halyk adebieti. (1987) *Batyrler zhyry*. [Kazakh folk literature] *The song of heroes* – Almaty. (in Kazakh)

Koishybaev B. (2017) *Ulttyk kod – ruhani bolmys kilti*. [National code – the key to spiritual existence] *Egemen Kazakhstan newspaper*. No 115. – 19 june. – 5 p. (in Kazakh)

Kratkaya literaturnaya entciklopediya. (1966) Editor-in-chief Surkov A.A. [A short literary encyclopedia]. T. 3. 976 p. (In Russian)

Literaturnaya entciklopediya terminov i ponyatii. (2001) [Literary Encyclopedia of terms and concepts] – Moscow: Intervak, – 1600 p. (In Russian)

Ryan M. (2017) *Literary Theory: a practical introduction*. – New York: Wiley Blackwell. (in English)

Shcherba L. V. (2007) *Izbrannyye raboty po russkomu iazyku*. [Selected works on the Russian language]. Moscow: Aspect Press, – 256-257 pp.

Sydykov T. (2015) *Ruh pen intellect kokzhiegi: portretter, zertteuler*. [The horizon of spirit and intelligence: portraits, research]. Taldykorgan, ZHGU. – 361 p. (in Kazakh)

Tarih – adamzat akyl-oiyynynkazynasy: on tom dyk. [History is a treasure of the human mind]. T. 1 (2005) Foliant. – 480 p. (in Kazakh)